

АЛТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№30(40) 26 шілде 2024 жыл



Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында

ЕКІ ЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМ

Баршамызға белілі 2025 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл толады. Қазірдің өзінде елімізде Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге байланысты дайындық жұмыстары қолға алынууда. Соның нақты айғағы жақында ғана Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігінің «Ардагерлер кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігімен жасасқан «ҚР МАМ және Ардагерлер кеңесі ұлттық құндылықтарды насихаттайды атты» меморандумы. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі оны былай деп хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Ардагерлер кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігімен меморандум жасасты. Ынтымақтастық ардагерлер ұйымдарының белсенді қатысуымен жалпыұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған.

Аталған меморандум шеңберінде ономастика мәселелерін шешуде екі тарап өзара ынтымақтастық орнатады. Ел көшелеріне тарихи тұлғалардың есімдерін ғана емес, жалпыұлттық құндылықтарды сипаттайтын атаулар беру және ескерткіштер орнату мәселелерін назарға алу жоспарланған.

Сонымен қатар «Жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғы

сындағы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі бірлескен жоспарға» қол қойылды.

Бірлескен жоспар негізінде Жеңістің 80 жылдығына арналған және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету, ұлттық бірлікті нығайту, лудомания, нашақорлықтың алдын алу, этностар мен діни топтар арасындағы өзара байланысты дамыту, аға буынға құрметпен қарау және ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру мақсатында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылмақ.

Айта кетейік, ынтымақтастық Ұлттық құрылтайдың III отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды орындауға бағытталған.

Екеуара жасалынған Меморандум негізінде Алматы облыстық ардагерлер

кеңесі тиісті жұмыс жоспарын жасап, облыстағы аға ұрпақ өкілдерінің жалпыұлттық құндылықтарды насихаттауына бағытталған шараларды жүйелі түрде жүзеге асырмақшы. Ұлттық құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оларды ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу-аға ұрпақ өкілінің алдындағы басты міндеті. Сондай-ақ жастарға Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерліктерін, тың еңбеккерлерінің еңбектерін дәріптеп, ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын жастар бойына сіңіру арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі.

Ғаламтор желісі бойынша дайындаған
Роза АЙДАРБЕКОВА.

Аудандық ұйымдарда

ЖАСТАРМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС

Кеген ауданы бойынша халықтың үштен бірін жастар құрайды. Ауданда 14-35 жас аралығындағы 9821 жас бар. Әр салада мемлекеттік қызмет, бюджеттік қызметте, ауылшаруашылық саласының жүгін көтеріп жүрген жастарымыз баршылық.

Кеген аудандық ардагерлер кеңесі аудан жастарымен бірге патриоттық бағытта іс-шараларын ұдайы өткізіп отырады. Атап айтқанда, «Дәрия кеуде тау мүсін, қарттарым, аман-саумысың» атты патриоттық кездесу болып өтті.

Кездесу отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлінің мәнін ұғындыру, бала тәрбиесіне әкелердің көзқарасын кеңейту және жанұядағы әке мен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, үлкенге құрмет көрсетуге, тәрбиелеуге бағытталды.

Кездесуде аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Досымбеков Сабыр мен Әділжанов Рақымбай қатысты. Өткізілу барысында ақсақалдарымыз жастарымызға өз кеңестерін бере отырып, бейнеролик көрсетілді. Жастарымыз пікір алмасып, ситуациялық сұрақтарға жауап берді.

7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай, «Біз-Отанның қорғанымыз» атты әскери-патриоттық шара өтті. Шара аясында орталық алаңда шекарашылармен

кездесу өтіп, патриоттық әндер шырқалды. Шара жастарды отаншылдыққа баулуға бағытталды.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік рәміздер – қасиетім, қастерлім» атты рәміздер күніне орай патриоттық шара өтті. Патри-

ден 13 жігіт қатысты. Қатысушы жігіттер ұлттық салт-дәстүрімізге арналған сұрақтармен білімдерін сынап, күштерін жілік шағумен, бұқа тартыспен сынасты. Байқау қорытындысы нәтижесінде Ұзынбұлақ ауылынан Тақабай Бейбіт, Жалаулы ауылынан Станбек Ернұр бас жүлдені жеңіп алып, 70 мың теңгені қанжығалады. Ал, I орынға Ақбай Абылай лайық деп танылып, 50 мың теңгені ұтып алды. Нұрланұлы Нұралы II орынға ие

болып, 30 мың теңгеммен марапатталды. Кәденұлы Жақсылық III орыннан көрініп, 20 мың теңгені еншілеп, аудан әкімінің дипломымен марапатталды. Байқауға қатысушылардың барлығы ақшалай марапатталды.

«Ұлттық киім – ұлт болмысы» атты кездесу болып өтті. Шара қазақтың ұлттық киімі жайлы толыққанды, жан-жақты мәлімет алып, оны насихаттау, жаңғыртуға бағытталды.

Ұлттық киім – кез келген халық мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Ол жай ғана киім емес, бүтін ұлттың бет-бедерін айқындар ұлан-ғайыр тарих.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбеков бастаған аудан ардагерлері ұлттық киім туралы шеберлік сағатын өткізіп, ұлттық киімнің түрлері бойынша жастарға мағлұматтар берді.

Сонымен бірге жастарымыз қарттарға қамқорлық таныту мақсатында әр аптаның бейсенбі күндері қарттарымызға арналған «Қарттарым-асыл қазынам», «Ардагерлерді ардақтайық», «Өнегелі ұрпақ» атты акцияларын ұдайы өткізіп отырады.

Кеген аудандық ардагерлер кеңесінің жастарға патриоттық тәрбие берудегі іс-шаралары бұдан әрі де жалғасын табатын болады.

С.ДОСЫМБЕКОВ,
Кеген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алматы облысында үйлерді ағын су басты

Алматы облысы Жамбыл ауданының Беріктас ауылында толассыз жауған жаңбыр салдарынан көлбеу ағыны пайда болып, 15 аула аумағы мен 3 тұрғын үйді су басты, деп хабарлайды Azattyq Ruhy ТЖМ баспасөз қызметіне сілтеме жасап.



«ТЖМ бөлімшелері мен жергілікті атқарушы органдар инертті материал салынған 2 мың қапшық дайындады. Сонымен қатар су басқан аумақтардан суды сору және лайдан тазарту, арық жүйелерін тереңдету жұмыстары жүргізілуде, жағдайға мониторинг жалғасуда», - делінген хабарламада.

Жұмыстарға ТЖД, жергілікті атқарушы органдардың, ТЖМ 28237 әскери бөлімінің жеке құрамынан 100-ден астам адам, 11 мотопомпа мен 16 бірлік техника жұмылдырылған.

Полиция Алматинской области обратилась к водителям

С начала 2024 года в Жамбылском районе Алматинской области совершено более четырех тысяч нарушений Правил дорожного движения (ПДД). Такая статистика вынуждает правоохранителей на постоянной основе обращаться к водителям с напоминанием, сообщаят Zakon.kz.



По данным пресс-службы регионального ведомства, с начала года на территории района зафиксировано 86 дорожно-транспортных происшествий (ДТП).

«Основными причинами являются нарушение скоростного режима и выезд на полосу встречного движения. За полгода полицейскими пресечено 4210 нарушений правил дорожного движения».

Алматы облысында барымташылардың екі қылмыстық тобы құрықталды

Жамбыл және Қарасай аудандарының аумағында мал ұрлаған барымташылардың екі қылмыстық тобын Жамбыл аудандық полициялері анықтады, деп хабарлайды Azattyq Ruhy.



Қазіргі уақытта мал ұрлығын жасаған бір топқа қатысты сот үкім шығарды.

«Барымташылар барлық мал ұрлығын бір схемамен жасаған: олар мал қараусыз жайылатын жерлерді әдейі таңдаған. Содан кейін түнде иелерінің жоқтығын пайдаланып, жануарларды еркін жайылымнан жетектеп, көліктерге тиіп алып кетіп отырған. Оларды көрші аудандарға апарып, алдын ала дайындалған жерлерде жасырған. Ұрланған малды жергілікті базарда сатқан», - деп атап өтті Жамбыл АПБ бастығының орынбасары Бейбіт Байзиханов.

Барымташылардың екінші тобына қатысты қылмыстық істің сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары аяқталып, прокурорға жолданды және жақын арада заңды шешім қабылдау үшін сотқа жіберіледі.



Кеген ауданының жастар ресурстық орталығы

Армандастар, құрдастар

**МАУСЫМДЫҚ
ЖҰМЫСПЕН
КАМТЫЛАДЫ**

Алматы облысында «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының ХХ маусымының ашылу салтанаты Қонаев қаласында өтті.

Еліміз бойынша «Жасыл ел» бағдарламасы 2005 жылдан бері жүзеге асып келеді. Жоба жасөспірімдер мен жастар арасында қоршаған ортаны қорғай отырып, еңбекке араластыру арқылы табиғатты күтіп баптауға баулиды.

Ағымдағы жылы облыс бойынша «Жасыл ел» еңбек жасағына 14 пен 35 жас аралығындағы 1000-нан аса жас сарбаз тартылып, маусымдық жұмыспен қамтылады.

Салтанатты ашылу рәсімінен кейін, «Жасыл ел» сарбаздары Қапшағай су қоймасының жағалауында тазалық жұмыстарын жүргізіп, демалушылар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны ластамау бойынша ақпараттық түсіндірме акциясын өткізді.



Творчество наших читателей

**ПОСВЯЩАЕТСЯ ВОИНАМ –
ДЕСАНТНИКАМ**

Взлетает в небо самолёт,
Сверкая в солнечных лучах.
Всё чередом своим идёт
В Десантно-штурмовых войсках.

Вот парашютов купола
Плывут, купаясь в синеве,
Чтобы спокойною была
Жизнь казахстанцев на земле.



Тельняшки, мокрые от пота,
Для вас преград на свете нет!
Вперёд, крылатая пехота!
Всё сможет голубой берет!

Не зря элитой вас считают
В рядах защитников страны.
И с детства многие мечтают
Служить в десанте пацаны.

Станислав ФЕДОРОВ,
подполковник медицинской
службы запаса, ветеран ВС РК
г. Қонаев

Ұстаздарға арналған жиырма тоқтам

ДАНА БОЛУ БАЛА БОЛУДАН БАСТАЛҒАН

1. Бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін жұмыс істеуі тиіс.
2. Баға құнды емес, бала құнды.
3. Ұстаз қызметінің мақсаты өз пәнін жақсы үйретуден гөрі тереңіректе, ол-адамды жасаушы адам.
4. Сабақ-ұстаз бен шәкірттің адами қарым-қатынасы.
5. Сабақтың мақсаты-баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін аша білу.
6. Кісі екеніне күмәнмен қараған баладан кісі шықпайды.
7. Мұғалімнің өз сабағын білуі жеткіліксіз, оған қоса баланың жанын ұға білсін.
8. Әр баланың өмір тіршілігі-өзінше бір тағдыр. Баланың тағдырына ойланып қара: сабақа келмесе, сабақты үлгермесе себебіне үңіл.
9. Баланың ықыласын оята біл, қолынан келетініне сендіре біл.
10. Мұғалім мен баланың қарым-қатынасы қуанышты әрі пайдалы болсын.
11. Мұғалімнің сөзі мен ісі жасанды емес, шынайы болуы шарт.
12. Баланы таң қалдыруды ұмытпа. Даналыққа ұмтылу таң қалудан басталады.
13. Шәкірттің кемшілігін көргіш болсаң ықыласын өлтіресің. Жеңісін ізде.
14. Көптің көзінше баланың кемшілігін бетіне баспа. Сеніп айтқан сырын шашпа.
15. Сабақ үстіндегі тыныштыққа көп ізденіспен, еңбекпен ғана жетуге болады.



16. Қиын тақырыпты түсіндіре салып, сұрауға асықпа, келесі сабақты қайта түсіндіруден баста.
17. Импровизация-сабақтың жаны.
18. Баланы сабақтың негізгі кейіпкері ете біл.
19. Балаға сыйлы болам десең, баланы өзің сыйла.
20. Әр бала-табиғаттың ғажайып құбылысы. Әр бала-Ханзада мен Ханша. Бүгінгі баланы ертеңгі дана деп қабылда. Бүгін ол сенің алдына келсе, ертең оның алдына сен баруың мүмкін. Шынайы ұстаз бола біліп, оның жүрегінде қалсаң, алдына ұялмай барасың.

Дайындаған Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

Билікке айтарым бар!

Менің есімім Ира Сауранбаева, Жамбыл ауданы Еңбекшіарал селосы Школьная көшесіндегі 52а үйдің 78 жастағы зейнеткер тұрғынымын. Сіздердің газеттеріңізде «Билікке айтарым бар!» атты айдар-рубрика бар екенін естіп, мен де өзімді және көшеміздің тұрғындарын мазалаған жанайқайымызды жеткізгіміз келеді. Мәселеміз кезінде шешілмегендіктен сіздер арқылы шешкіміз келеді.

**БІРЕУГЕ КӨЛ,
БІРЕУГЕ ШӨЛ
БОЛҒАНЫ МА?**

Біздің ауылда осыдан біраз уақыт бұрын ауыз судың құбырын сала бастаған. Ол жұмыс 2023 жылдың қыркүйегінде аяқталуы тиіс болған. Алғашқыда осы жұмысты қолға алғандар әр үйдің тұсына құбыр баратынын айтқан болатын. Жұмыс басталды. Қазылмаған жер жоқ. Әр жерде үйілген топырақ, қазылған шұңқырдан адам аяғын алып жүре алмайтын жағдайға келдік. Бір нәтижесіне жақындағанда бәрі реттелетін шығар деген ойдың соңында жүрдік. Нәтиже біз ойлағандай болмай шықты.

«Су құбыры әр үйдің тұсына жеткізіледі» деген сөз тек сөз күйінде қалды. Аралығы 500-700 метр жерде құбыр құдығы қазылып, оның аралығындағы тұрғын үйлер өздеріне керекті суды сол қашықтықтағы құдықтан өздері тартып алу керектігін су құбырын тартып жүргендер алға тартты. Енді ол құдықтардан алыста орналасқан үйлердің иелері суды өз қаражатына үйіне тартып кіргізуі тиіс екен. Су құбыры біреудің үйінің іргесінде жатса, неге екіншілері оны 500-700 метр қашықтықтан тартуы тиіс. Біреуге көл, енді біреуге шөл болғаны ма? Біздің көшеңіздің тұрғындары олардың мұндай шешімдерімен келіспейді. Осы мәселенің дұрыс шешілуіне тиісті орындар арқылы ықпал етулеріңізді сұраймын.

Көше тұрғындары атынан
Ира САУРАНБАЕВА.
Жамбыл ауданы.